

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

## ПОДСЕКЦИЯ 9.5. ПЕРСПЕКТИВЫ И ПРОБЛЕМЫ СОЦИОЛОГИЧЕСКОЙ И СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ АНАЛИЗА КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

УДК 364.024

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МҮГЕДЕКТИГІ БАР АДАМДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕСІ.

Абиев Рахимжан Райханович

[Abiev.rr@mail.ru](mailto:Abiev.rr@mail.ru)

Әлеуметтану кафедрасының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана.  
Ғылыми жетекші - Әлеуметтану ғылымының кандидаты,  
аға оқытушысы К.А. Мухамбетова

**Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан мүгідектігі бар азаматтар үшін көптеген бағдарламалар жасақталып, жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соның ішінде, мүгідектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту — маңызды мәселе болып табылады.**

Қазақстанда 644 мың шамасында мүгідектігі бар азамат бар. Соның 400 мыңы еңбекке жарамдылар қатарында. Бірақ ресми ақпараттар бойынша мүмкіндігі шектеулі азаматтардың тек 40%-ы жұмыспен қамтылған. Бұл мәліметтерге сүйенсек, елімізде 130 мыңға жуық мүгідектігі бар азамат қана еңбек нарығында қызмет етеді. Сонда 270 мыңнан аса еңбекке жарамды мүгідектігі бар азаматтар қоғамнан автоматты түрде шеттетілген [1].

Бірақ, мүгедектер жағдайын жақсарту Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінде мүгедектерді әлеуметтік қолдаудағы артықшылық денсаулығы мүшкіл адамдардың тіршілік әрекетінің теңдей мүмкіншіліктерін, яғни адамдардың қоғамның бөлінбейтін бөлігі болу құқығына ие болуын және еңбек ету және оқуды таңдау еркіндігі мен оларға қол жеткізу еркіндігіне ие болуын қамтамасыз ету үшін құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық жағдай жасау өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Бүгінгі ортада мүгедек жандардың өздігінен жүріп-тұруына, қозғалуына біршама жағдай жасалған. Осыдан 20-30 жыл бұрынғы кезеңмен салыстырғандағы аталмыш саланың қазіргі ахуалы жақсы. Алайда, кез келген мәселенің бүгінгі жағдайына баға беру үшін, оны өткенімен салыстыру қисынсыз, әр кезеңнің өз тәртібі мен талабы болатыныны белгілі.

Мәселен күні бүгінге дейін бірқатар мемлекеттің мүгедек азаматтарға деген қарым-қатынасы мынадай болды: оларды қорғау, амандығы мен саулығын қамтамасыз ету, күнкөрісіне қажетті құрал-жабдықтары мен дәрі-дәрмектерін мүмкіндігінше уақтылы жеткізу, жәрдемақы мәселесін реттеу және т.с.с. Олардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, өзін-өзі тұлға ретінде дамытуы, азаматтық қоғам өміріне белсенді араласуы сынды өмірлік маңызы бар дүниелер екінші орынға ысырылып, кей елдерде бұл мәселелердің аты да аталған жоқ.

Себебі, 20-30 жыл бұрынғы жалпы әлеуметтің сұранысы – күнкөріс мәселесі еді. Ол уақытта білім алу, тәжірибе алмасу, таным көкжиегін кеңейту сынды дүниелер ілуде біреуінде болмаса, басып көпшілігінің қаперіне кіріп шықпайтын. [2].

Еңбек кодексінде мүгідектігі бар жанды жұмысқа алғанда қойылатын арнайы талаптар болғанымен, ешқандай кедергі жоқ. Соған қарамастан жұмыс берушілер ерекше қызметкерлерден қашқақтайды.

Қазақстан Республикасының «Мүгідектігі бар азаматтар әлеуметтік қорғау туралы» Заңына сәйкес, мүгідектігі бар адамдарды жұмыспен қамту міндеттелген, алайда бұл заң қағаз жүзінде бар да, іс жүзінде межеге жете алмай отыр. Мүгідектігі бар азаматтарды жұмысқа орналастыру саласындағы аталған кепілдіктерге қарамастан, жедел шешуді қажет ететін мәселелер өте көп. Ең біріншіден, олар мүгідектігі бар азаматтардың еңбегін ұйымдастыру нысандарымен байланысты болып отыр.

Еңбек ресурстары–бұл мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік стратегиясының басты мәселесі. Сондықтан мүгідектігі бар азаматтардың әлеуметтік-еңбектік реабилитациясы және оларды еңбек қызметіне тарту мәселесі мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңның 20-бабында әлеуметтік жұмыс орындары жұмыссыздар үшін арнайы құрылады және олар мүгедектерді жұмыспен қамтуды көздейді деп айтылған. Яғни, халықты жұмыспен қамту орталығы мен арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс беруші және әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілетін жұмыссыз арасында әлеуметтік келісімшарт жасалады. Әлеуметтік келісімшарт тараптардың құқықтары мен міндеттерін, еңбекақы мөлшерін және оны төлеу шарттарын, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мерзімдері мен көздерін қамтуға тиіс [3].

Мүгідектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенцияның 27 бабында мүгідектігі бар адамдарды еңбек және жұмыспен қамтуда төмендегі жағдайлар көрсетілген:

- қатысушы мемлекеттер мүгедектердің басқалармен тең дәрежеде еңбек ету құқығын таниды;

- жұмыспен қамтудың барлық нысандарына, соның ішінде жұмысқа қабылдауға, жалдауға және жұмыспен қамтуға, жұмысын сақтауға, қызметтен өсіруге және қауіпсіз әрі салауатты жұмыс жағдайына қатысты барлық мәселелер бойынша мүгедектік белгісіне орай кемсітуге тыйым салуға;

- мүгедектердің өздерінің еңбек ету және кәсіподақ құқықтарын басқалармен тең дәрежеде іске асыруын қамтамасыз етуге;

- мүгедектерге техникалық және кәсіптік бағдарлардың жалпы бағдарламаларына, еңбекпен қамту қызметіне, кәсіптік және үздіксіз оқытуға тиімді қол жеткізу мүмкіндіктерін беруге;

- қатысушы мемлекеттер мүгедектерге арналған кәсіптік және біліктілік оңалту, жұмыс орындарын сақтау және жұмысқа оралу бағдарламаларын көтермелеуге бағытталуға тиіс [4].

Қазақстандағы мүгідектігі бар азаматтар тап болатын проблемалардың ішінде, келесі негізгі топтарға бөлуге болады:

- қоғамда алалаушылықтардың орын алу стереотиптері;

- төменгі әлеуметтік жағдай;

- мүгідектігі бар азаматтар жандардың өмір сүру шарттарымен ҚР-ның басақа да азаматтарының арасындағы алшақтық;

- мүгідектігі бар азаматтарды оқыту деңгейінің төмендігі;

- қолайсыз еңбек жағдайлары;

- мүгідектігі бар азаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесінің әлсіз дамуы.

Мүгідектігі бар азаматтар адамның физикалық мүмкіндігін шектеп қана қоймай, қазіргі заманғы өмір сүруіне қажетті жұмысқа орналасу, табыс табу мүмкіндіктерін шектейтін аса күрделі құбылыс болып табылады. Осыған байланысты әлеуметтік қамсыздандырудағы мемлекеттік саясат ең алдымен азаматтар жұмыс істеу қабілетінен айрылған жағдайда оларды қаржылық қолдауға бағытталған. Әлеуметтік көмекке кепілділіктің берілуі жүйелі түрде, кешенді әлеуметтік, медициналық кәсіби оңалтудың қамтамасыз етілуін, мүгідектігі бар азаматтарды кемсітілуге жол берілмеуін қамтамасыз етеді.

Мүгідектігі бар азаматтар – кез келген қоғамның толыққанды мүшесі, дұрысында солай болуы тиісті. Сол себепті, олардың мәселесін қарау әрі оны шешу – әрбір жетекші тараптың, яғни биліктің мүддесі, әрі міндеті.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі. (2019). Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын

жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар. <https://convention.enbek.gov.kz/ru/node/22001>

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты. (2017). Қазақстандағы еңбек нарығының қазіргі жағдайы. <http://kisi.kz/uploads/33/files/Dxun0PeD.pdf>

3. Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000482>

4. Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000330>

УДК 316.2

## ПРОГРАММА «РЕАБИЛИТАЦИЯ НА УРОВНЕ ОБЩИН» КАК МОДЕЛЬ ИНКЛЮЗИВНОГО РАЗВИТИЯ СООБЩЕСТВ

**Абдыкалыкова Жанар Нурахметовна**

магистрант КазНУ имени аль-Фараби,

Научный руководитель – Шеденова Н.У. д.соц.н., доцент КазНУ имени аль-Фараби,  
Аубакирова Аягоз Каиртайевна, магистр социальных услуг, преподаватель ЕНУ имени  
Л.Н.Гумилева

***Ключевые слова:** реабилитация, инклюзивное развитие, сообщества, реабилитационный работник сообщества, индивидуальный план обслуживания.*

По данным Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ), в мире около 1,3 миллиарда человек имеют значительные нарушения здоровья, что составляет 16% от общего населения [1]. ВОЗ определяет инвалидность как часть человеческого многообразия, и почти каждый человек в какой-то момент своей жизни сталкивается с временной или постоянной инвалидностью, которая зависит от взаимодействия между здоровьем, личными факторами и окружающей средой [2]. В Казахстане, согласно официальным данным, количество людей с инвалидностью составляет 713 767, причем 304 896 из них проживают в сельской местности, а 408 871 в городах [3].

Лица с инвалидностью (ЛСИ) относятся к числу самых уязвимых групп населения и обладают наименее широкими правами и возможностями. Очень часто они сталкиваются со стигматизацией и дискриминацией, имеют ограниченный доступ к медицинскому обслуживанию, образованию и источникам средств к существованию. Люди с инвалидностью вынуждены очень долго ждать очереди, чтобы попасть в реабилитационный центр, где они могут получить реабилитационные услуги в течение определённого времени, а затем возвращаются в свою среду и снова ждут своей очереди. Для лиц с инвалидностью на постоянной основе важно получать реабилитационные услуги, так как упущенное время может привести к серьезным последствиям.

Актуальным на данный момент инструментом расширения прав и возможностей людей с инвалидностью является развитие инклюзии, устранение сохраняющихся барьеров для доступа людей с инвалидностью к услугам здравоохранения, образования, трудоустройству. Широкое вовлечение лиц с инвалидностью в жизнь общества: хорошее здоровье и благополучие важны для того, чтобы каждый человек мог жить полноценной жизнью. Инклюзия находится пока на самом начальном уровне, специалисты в поиске подходящих решений для внедрения инклюзии в сферах образования, трудоустройства, общественной жизни. Развитие инклюзии также актуально и для других уязвимых групп населения, таким как люди пожилого возраста, мигранты и беженцы, и другие малозащищенные социальные группы.